

бүгінде Шығыс Сібірдегі, Тайгадағыселькуп, ненец, кет, амурлық эвенктер секілді мүлдем жойылудың алдында бір қадам қалған сөйлеушілер саны мыңға да жетпейтін тілдердің мәселесімен әуре болып жүргенде біздің қандастарымыз да жуық арада сол қатарға, жойылушылардың қатарына қосылып кетпесе игі.

Бір тілдің жұтылып, бір тілдің дамып жатуы саяси, тарихи, мәдени, идеологиялық факторлармен өте тығыз байланысты. Қайбір ұлт болмасын, қайбір империя болмасын өзінің өлмес күнін қамдап жатады қашан көрсең. Осы жанталастан біз де кенде қалмауымыз керек. Өйткені – қазақ халқының ұлы перзенті А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымыз да өзгерілейін деп тұр. Қалпымыз өзгеленсе қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр».^[14]Ынтымақ пен бірлік жайлы, Өзінің қазаққа қатысты ой түйген тұжырымдарының тағы бірінде былай дейді:

"Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы һеш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал".^[14]

Әдебиеттер тізімі:

1. Үлкен кеңес энциклопедиясы
2. Сергек Елтерік, <http://www.tilmaydan.kz/p=642>
3. "Қазақстан": Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998 ЫСБН 5-89800-123-9
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ЫСБН 5-7667-2616-3
5. <http://news.nur.kz/194687.html>
6. <http://massaget.kz/bilim/maala/705>
7. <http://www.kakprosto.ru/kak-717>
8. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
9. Языки и письменности народов Евразии, К.М.Мусаев, А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты. Алматы – «Ғылым»
10. ru.wikipedia.org/wiki/Ногайцы
11. http://kk.wikipedia.org/wiki/Түрік_тілі
12. https://tr.wikipedia.org/wiki/Türk_dilleri
13. www.turkishculture.ru/haber_15_ru.html
14. writers.kz/journals/ID=10&NUM=96&CURRENT...2864
15. «Қазақ» газеті, 1913 Алматы 2009, «Арыс» - баспасы 477 бет.

ӘОЖ 811.512

РАБҒҰЗИДІҢ «АДАМ АТА - ХАУА АНА» ҚИССАСЫ МЕН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Капасова Дана
Сулейман Демирел университеті
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 3 курс студенті

Аннотация

Бұл мақалада, XIV ғ. ескерткіші Рабғұзидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасындағы тілдік ерекшеліктер қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жүйесімен салытырмалы түрде қарастырылады. Сондай-ақ автор аталған ескерткіште діни дереккөзде келтірілген фразеоматикалық бірліктің компоненті «Топырақтың» лингвокогнитивтік анализін жасайды.

Кілт сөздер: «Адам ата мен Хауа ана», Пайғамбарлар, Жаратылыс, Топырақ.

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі – Насируддин Бұрханнудин Рабғұзи. Рабғұзи XIII ғ-дың аяғы мен XIV ғ-дың басында өмір сүрген жазушы, ойшыл. Рабғұзи Мауараннахрда, Рабати Оғыз деген жерде туған. «Рабғұзи» деген бүркеншек аты да осыдан шыққан. Рабғұзидің атын барлық әлемге әйгілі еткен қиссасы «Қисас-ул анбийя».

Рабғұзи шығармасының ең көне қолжазбасы Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақтаулы. Бұл қолжазба XV ғасырда жазылған, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып саналады. XVI ғасырда көшірілген нұсқасы Санкт-Петербургтегі М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталған. [1, 7]

«Қисас-ул анбийя»- негізінен пайғамбарлар мен әулие-әнбилер өмірі жайлы, сондай-ақ олардың басынан өткерген оқиғаларын баян ететін прозалық шығарма.

«Қисас-ул анбийяның» Қазан баспасынан жарық көрген нұсқасына 79-дай қиссалар мен хикаялар енген. Мысалы, «Лұқман Хакім» хикаясы, «Харут пен Марут» хикаясы, «Аллах Тағаланың Жер мен Көкті, адамзатты, хайуанаттар мен тау тасты, бүкіл әлемді жаратқаны туралы» хикаялары, «Адам ата – Хауа ана» хикаясы, т.б.

«Қисас-ул анбийя» 479 беттік шығарма. Филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаев «Ғылым» баспасынан 1973 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты еңбегінде былай дейді:

«Оларды, яғни қисса-хикаяларда тақырып мазмұнына, идея-мәніне қарай мынадай үлкен үш топқа жіктеуге болады:

1) Дүниенің, аспанның, жердің пайда болуы туралы, Адам-ата, от, топырақ жайлы түсініктер, жануарлардың, жын-шайтандардың және басқа да тіршілік иелерінің шығуы туралы әңгімелер;

2) Пайғамбарлар мен халифтар, әулиелердің өмірі туралы хикаялар, шығыс нақылдары, халық аңыздары мен ертегілері;

3) Хыжраның алғашқы он жылындағы негізгі оқиғалар тізбегі, жылдардың, айлар мен күндердің атаулары туралы, мұсылман күнтізбесіндегі айтулы күндер туралы мәліметтер;» [2, 7]

«Қисас-ул анбийя» кітап Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен олардың бастан кешкен оқиғаларын және Мұхаммедтің өзі мен мұсылман халифтарының өмірін баяндауға арналған. Онда дүниенің жаралуы туралы, жер жүзін топан су басуы туралы және Жер бетінде жаңа тіршіліктің басталуы туралы мифологиялық әңгімелер, түрлі аңыздар, ертегілер мен мысал әңгімелер бар. Жекелеген хикаялар ерте орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларға, мысалы, ат-Табари "Тарихына" барып тіреледі.

«Қисас-ул анбийя» құран сюжеттерін, уағыздары мен сүрелерін баяндап беретін танымал прозалық шығарма ғана емес, онда автордың үлкен дарын иесі екенін дәлелдейтін дидактикалық әңгімелер мен өлеңдер көп. Ал, құран хикаялары мен аңыздарының сюжеттері адамдарға түсінікті, тартымды да қарапайым тілмен баяндалған. Олардың діни ғана емес, танымдық мағынасы да зор, оларда өмір шындығы мен уақыт белгілері көрініс тапқан. Кітапта түркі халықтарының ғана емес, хикаяттарда айтылатын басқа халықтардың да әдет – ғұрыптары тірәлі мәліметтер бар.

Рабғұзидің «Адам ата мен Хауа ана» қиссасындағы тілдік ерекшеліктерде назар аудартады. Осыған дәлел ретінде бірнеше мысал көрсетсем.

Фонетикалық ерекшеліктері:

А-ә, а-е, а-и, и-і // Ағар-егер, кетмади-кетпеді, көңлидин-көңлінен.

А –ы, ф-п // тауаф-тауып.

У-ұ, й-ж, м-п // Йеп-жеп,йылан-жылан, Кемади-кетпеді.

Йа-я, қ-ғ, Ф-п // Байақы- баяғы, файдасы-пайдасы, душман-душпан.

Ч-ш, ғ-қ, ш-с // Чоқ-шоқ, чоғыдин-шоғынан, чықаны-шықаны, шол-сол

Лексикалық ерекшеліктері:

Зурийат//үрім бұтақ, таһар`ан//таза, кіршіксіз, чазандалар//жыртқыштар, хажалат//ұят, рангаранг//әр түрлі, фарифта//алдауға түсіру, нимерса//дұға, уа табан// нұр шашу, заһирлик// қайырылымдылық, киргил//кір, нийатча//ниетің, зина туалла//сүйіспеншілік, суханчин//өсекші.

Бұл лексикалық бірліктер қазіргі тілімізде қолданылмайды немесе біршама өзгеріске түскен күйде жұмсалады деуге болады.

Ескерткіш тілінің морфологиялық ерекшеліктерін (септік жалғауларына байланысты) төмендегідей кесте түрінде ұсынуға болады

1- ші кесте

Атау септік	һудһудни-көкек	
Ілік септік	аршни-ғарыштың	ни-тың
Барыс септік	қашларыға-құстарына	ға- на
Табыс септі	йерни-жерді	ни-ді
Жатыс септік	аламда-ғаламда	да-да
Шығыс септік	күнаһыңни-күнәдан	ыңни-дан

«Адам ата мен Хауа ана» қиссасында дүние жаратылысындағы негізгі төрт элементті - су, топырақ, от, ауа айқын көрсетілген. Аталған элементтердің әр қайсысы бір-бірімен үйлесім табады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын, адам баласының өмір сүруі үшін аса маңызды қажеттіліктердің, құндылық- тардың бастауы болып табылады. Осылардың ішіндегі «Топыраққа» нақтырақ тоқталсам.

Түркілік танымдағы «топырақ» және оның когнитивтік семантикалық негізі.

Діни әдебиетте адам баласы топырақтан жаратылғаны айтылады. Ол топырақты Алланың әміріне сай, Әзірейіл періште Жер бетінен әкелген. Бұл оқиға Рабғузидің «Адам ата мен Хауа ана» қиссасында кеңінен баяндалады:

«Хақ тағала Жер бетінен бір шеңгел топырақ әкелу үшін әуелі Жебірейіл алайһи ас-саламды, одан кейін Мекайылді, одан соң Исрафилді жібереді. Үшеуі де Жердің зар жылағанын көріп, мейірімділік танытып, оны аяғандықтан, топырақ алмай қайтып кетеді. Тек Әзірейіл періште ғана кідірместен келіп, топырақ алуға әрекеттенеді. «...Жер сонша нала болып, зарлады, тіпті шамадан асып, шектен шығып кетті. Хазірет Әзірейіл айтты: «Ей, көр топырақ, асы болдың. Мен Алланың үкімі қандай болса, дәл солай орындаймын. Хақбихана уа тағалаға үш мәрте қарсы келдің. Жазықты болдың. Сенен пайда болған зат тез арада күнәһар болады», - деп Жерді шыңғыртып отырып, оның бетінен бір уыс топырақ алды... ол топырақтың реңі әр түрлі еді: ақ, сары, көк, жасыл. Ішінде жұмсақ, қатты, жас, сор, тәтті, ащы топырақ та бар еді. Осы себепті адам баласының баршасы әр бөлек болды. Әр нәсілдің реңі мен ниеті әр бөлек болуы осы себептен. Жер қатты нала болып, зар илеп жылады: әуедегі құстар, судағы балықтар қосыла жыласты. Жерді жұбату үшін Хақ тағаладан әуез келді: «Ей, жер, көп нала бола берме! Сенен бір нәрсе алдық. Сықпыты жаман. Уақыты келгенде бір күні өзіңе жақсы етіп қайтарып береміз. Қазіргі хал-ахуалынан сүйкімдірек әрі бағалырақ болады». Уәж үшін айтылған осы сөздің себебінен өліктерді жуу міндетті болды...»[4,240]

«Әлқисса, ол топырақты Мекке мен Тайифтің арасындағы Дахна атты жерге қойды. Ол топыраққа Байт ул-ахиран дариясының суынан бірі кем қырық жыл жаңбыр жауды. Бір жыл шаттық жаңбыры жауды. Осы себепті адам перзентінде бейнет пен қайғы көп, қуаныш, шаттық аз.

Қырық жылдан соң ол топырақ балшық болды. Одан кейін Хақ тағала хазірет Адамның кейіп бейнесін (денесін) жасауға өзі мүсіншілік етті. Қырық таң бойы ол балшықты іске қосты. ... бір де бір мақұлықты бұл іске араластырмады. Құдірет қолымен өзі жаратты» [4, 242]

Адам (а.с.) жаратылған топырақ жердің беткі қабатынан алынғандықтан «Ә'дәм» (жер қабығынан алынған) деп аталған. Бұл сөз тіліміздің өзіндік заңдылығына сай өзгеріп, «Адам» түрінде қолданысқа енген. Нұх сүресінің 17-18 аяттарында: «Алла сендерді жерден жаратты. Сосын сендерді (қайтыс болғандарыңда) оған (Жерге) қайтарады, (сөйтіп, қиямет күні) сендерді қайта шығарады» делінген. Осылайша, адамзаттың бүкіл өмірі осы Жер мен оның топырағына байланысты екі пенде өз нәпсісіне ерік беріп, тақуалық туын қолынан түсіріп, бұл жалғанның алдамшы қызығына еріп кетсе, оның ашыққан көзін (тағы да!) бір уыс топырақтан басқа нәрсе тойдыра алмайды. Бұл туралы Пайғамбарымыздың хадисінде айтылған. Ол сахабаларға бір сығым топырақты көрсетіп тұрып: «Алла тағала осыдан адамзатты жаратты. Сондықтан оның екі көзін осы бір сығым топырақтан басқа ешнәрсе толтыра (тойдыра) алмайды» - деген.

Абайдың «Ескендір» поэмасында да Александр Македонскийдің «Адамның аш көзін (нәпсісін) не тойдыра алады?» деген сұрағына данышпан Аристотельдің берген жауабы осымен сабақтас, яғни таразының бір басына дүниенің қанша байлығын салса да, бас сүйек тұрған табақты баса алмайды... Ең соңында бас сүйектегі көздің орнына бір уыс топырақты салғанда, салмақ ауысқан екен...

Рабғузи «Адам ата мен Хауа ана» қиссасындағы «Топырақ пен оттың айтысы» деген бөлімінде, топырақтың жағымды жақтарын айқын көрсеткен.

Йер йүзи// Жер жүзі

Хазина`ан асманидурмән// Аспан қазынасы

Ашийана марғ рух//Құс рухтың ұясы

Сажда қылдылар//Сәжде (құлшылықта бас қоятын жер)

Гаһ заһурни жар`а нушидурмән// Шөлдеушілердің бір жұтым суысыны

Машкут жандурмән// жан ұя

Жами`дарахтлар уа басазларға мауадаат емзүрмән//Ағаш, өсімдікке достық, қуаныш емізуші

Хушбуй уа му`аттар, сурма`ан тадбир//Хош иіс жасаушы, сүрмемен әсемдеуші

Мухаммад Мустафа пайгаһ йер//Мұхаммед Мұстафа аяқ басқан жер

Жами`панһан кенчиларни сақлағучыдыр// Жасырын кен-қазынаны сақтаушы[4; 195/255]

Тіліміздегі тыйым сөздер, қанатты сөздер, нақыл сөздер, алғыс сөздер мен қарғыс сөздер т.б. тұрақты тіркестер, ашық, айқын түрде, келесі бір тобы жасырын түрде адам баласының жерден жаралғанын және жерге қайтарылатынын меңзейді: «**Жерді теппе!**» (Тепсінбе, жұлқынба!); **Көпке топырақ шашпа!**(Халыққа наразылық білдірме, қарсылық көрсетпе!); **Топырағы торқа болсын!** (Жатқан жері жайлы болсын!).**Бір уыс топырақ бұйырмасын!** (Жат жерде дүниеден өт! Сүйегің далада қалсын! Қаңғырып өл!); **Топырағыңды жеріңнен бұйыртсын!** (жазсын!). («Өз жерінде дүние сал!» деген мағынада айтылады);

В статье рассматриваются языковые особенности письменного памятника XIV в. «Адам ата - Хауа ана» Рабгузи в сравнении с фонетической, морфологической и лексической системами современного казахского языка. Также автором проводится лингвокогнитивный анализ фразеоматических единиц с компонентом «Земля/почва» на материале названного исторического произведения, а также других религиозных источников.

This article deals with qualities of written monument in XIV century «Adam ata – Hauaana»Rabguzi in compare with phonetic, morphological and lexical systems of modern kazakh language. Also author deals with linguocognitiveanalysis with the components of «earth//soil» in materials named historical works, and from other religious sources.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әдеби жәдігерлер 8-том». – Алматы, 2008ж.

2. Кенжебаев.Б. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері».- Алматы, Ғылым. 1973 ж.
3. Қожа. М. «Қисаси Рабғузий» авторының туған жері- Рабат Оғыз қытағы қайда?». – Жас қазақ үні, №11(280), 2007 ж
4. Сағындықұлы Б. «Ғаламның ғажайып сырлары». –Алматы, Ғылым. 1997ж

ӘОЖ 811.512

«Мұхаббатнаме» жазба ескерткіші тілін тарихи-салыстырмалы зерттеу мәселелері

**Қыдырбекова Іңкәр
Сулейман Демирел университеті
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 3 курс студенті**

Аннотация

Бұл мақала, XIV ғ. қыпшақ ақыны Хорезмидің «Махаббатнаме» ескерткішіне қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, тарихи салыстырмалы анализ шығарма тілін қазіргі қазақ тілі деректерімен салыстырғанда анықталатын фонетикалық ерекшеліктер мен қазақ ақындарының поэтикалық шығармаларының материалында қарастырылады.

Біз «Мұхаббатнамені» түп-тамырын V-VIII ғасырлардан алатын ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты жәдігерлік деп қараймыз.

“Мұхаббатнамеге” алғаш назар аударған ғалым А. Н. Самойлович. Ұйғыр әрпімен көшірілген нұсқасын белгілі кеңес ғалымы А. М. Щербак тілдік тұрғыдан зерттеген. “Мұхаббатнаменің” екі нұсқасын салыстыра отырып, араб әрпімен жазылған нұсқасын қазіргі әріптермен транскрипциялап, орыс тіліне аударып, жан-жақты зерттеген көрнекті түркітанушы Әмір Нәжіп. Соңғы жылдары “Мұхаббатнаме” дастанын зерттеумен өзбек әдебиеттанушылары да айналысып жүр. Мысалы, өзбек ғалымдары С. Касимов, В. Валиходжаев, Н. Маллаев, т.б. бұл дастанға қатысты бірқатар еңбек жариялады.

А. Қыраубаева ескерткішті қазақ тіліне аударып, әдеби қырынан талдаса, А. К. Ахметбекова дастанның сопылық ағымға қатысты мәнін, Қ. Сейітжанов “Мұхаббат-нама”, “Хұсрау - Шырын” Мәснауи поэмаларының жанрлық ерекшеліктерін, С. Иманбердиева Хорезмидің “Мұхаббатнаме” шығармасындағы ономастикалық кеңістікті, яғни ондағы онимдердің лингвомәдени бірлік ретіндегі қолданысын қарастырды. Ал біз бұл мұрағаттың тілдік жүйелік ерекшеліктеріне тоқталдық.

Дастанның авторы – Хорезми. Ақынның толық аты-жөні, туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Оның Сыр бойындағы кенттердің бірінен шыққандығын дастанның мына жолдарынан аңғарамыз:

473. «Мұхаббатнаме» жырын біттім мұнда,

Бәрін де жаздым Сырдың жағасында.

Мәтінде мұраның қай жылы аяқтағандығы жөнінде мынадай мәлімет бар:

430. Бұл кітабым болып тұр Мысыр қанты,

Жеті жүз елу төртінші жылы аяқталды.

«Мұхаббатнаме» дастаны 946 жол, яғни 473 бәйіттен тұрады. Барлығы он бір арнау өлең. «Хикая»-58 жол. Ақын алғашқыда он бір емес, он арнау өлең жазбақшы болған да, ол ойын кейін өзгерткен. Оны мына бәйіттен көруге болады.

382. Сөз осыған жетті тамам болды,